

Павлодар облысы бойынша 2025 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Павлодар облысы әкімдігінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 133/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 29 мамырда № 7671-14 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 5-14) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2022 жылғы 24 мамырдағы № 180 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28188 болып тіркелген) Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2025 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. "Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулының Павлодар облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін

;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысының әкімі

А. Байханов

Павлодар облысы әкімдігінің
2025 жылғы 16 мамырдағы
№ 133/1 қаулысына
қосымша

Павлодар облысы бойынша 2025 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемі

		дана		жұмсалған жалпы сома	рдың бекітілген сомасы	рдың бекітілген пайызы	рдың жоспарланған көлемі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Балық өсіру-биологиялық негіздеме	4	1 000 000	4 000 000	500 000	50	2 000 000
	Барлығы:	4					2 000 000

Балық отырғызу материалына тиесілі субсидия сомасы

№ Р/с	Субсидияланатын өнім	Пайдаланушылар сатып алатын өнім саны, дана	Балық отырғызу материалының рұқсат етілген құны	Балық отырғызу материалын сатып алу үшін жұмсалған жалпы сома, теңге	Балық отырғызу материалын сатып алуға бөлінетін субсидиялардың бекітілген сомасы	Балық отырғызу материалын сатып алуға бөлінетін субсидиялардың бекітілген пайызы	Акваөсіру өнімінің өзіндік құнын төмендету үшін субсидиялардың жоспарланған көлемі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Тұқы дернәсілдері және оның будандары	2 770 000	1 млн. дана үшін 120 000 теңге	332 400	1 млн. дана үшін 60 000 теңге	50	166 200
2	Тұқы шабақтары және оның будандары	282 800	1 дана үшін 30 теңге	8 484 000	1 дана үшін 15 теңге	50	4 242 000
3	Бекіре шабақтары және оның будандары	5 000	1 дана үшін 500 теңге	2 500 000	1 дана үшін 250 теңге	50	1 250 000
4	Албырт шабақтары және оның будандары	97 000	1 дана үшін 50 теңге	4 850 000	1 дана үшін 25 теңге	50	2 425 200
	Барлығы:	3 154 800		16 166 400			8 083 200

Дәрілік препараттарға тиесілі субсидия сомасы

№ Р/с	Субсидияланатын өнім	Пайдаланушылар сатып алатын өнім саны, килограмм	Дәрілік препараттардың рұқсат етілген құны	Дәрілік препараттарды сатып алу үшін жұмсалған жалпы сома, теңге	Дәрілік препараттарды сатып алуға бөлінетін субсидиялардың бекітілген сомасы	Дәрілік препараттарды сатып алуға бөлінетін субсидиялардың бекітілген пайызы	Акваөсіру өнімінің өзіндік құнын төмендету үшін субсидиялардың жоспарланған көлемі
-------	----------------------	--	--	--	--	--	--

1	2	3	4	5	6	7	8
1	Дәрілік препараттар	130 000	1 тоннаға 10 000 теңге	1 300 000	1 тоннаға 5000 теңге	50	650 000
	Итого	130 000		1 300 000			650 000

Акваөсіру (балық өсіру) мақсатында балық басын толықтыратын аналық балық үйірі

және оларды күтіп-бағуға тиесілі субсидия сомасы

№ P/c	Субсидияланатын өнім	Пайдаланушылар сатып алатын өнім саны, дара	Балық басын толықтыратын аналық балық үйірінің рұқсат етілген құны	Аналық балық үйірін сатып алу үшін жұмсалған жалпы сомасы, теңге	Балық басын толықтыратын аналық балық үйірінің сатып алуға бөлінетін субсидиялардың бекітілген сомасы	Балық басын толықтыратын аналық балық үйірінің сатып алуға бөлінетін субсидиялардың бекітілген пайызы	Акваөсіру өнімінің өзіндік құнын төмендету үшін субсидиялардың жоспарланған көлемі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Аналық балық үйірі (тұқы тұқымдас)	50	20 000	1 000 000	10 000	50	500 000
2	Аналық балық үйірі (бекіре тұқымдас)	50	60 000	3 000 000	30 000	50	1 500 000
3	Аналық балық үйірі (албырт тұқымдас)	50	30 000	1 500 000	15 000	50	750 000
	Барлығы:	150	110 000	5 500 000	55 000		2 750 000

Павлодар облысы бойынша 2025 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялардың қорытынды сомасы 44 603 100 теңгені құрайды